




EGEMEN QAZAQSTAN

## Ұлт рухының жаршысы

Халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның өмірден озғанына – 1 жыл



Шерхан Мұртаза! Бұл есімнің халық жадында жатталғанына елу жылдан асып кетті. Сол елу жылда әдебиет пен журналистикаға небір таланттар келіп қосылды. Бірақ олардың арасында Шерхан жұлдызы еш көмескіленбей, қайта бұрынғыдан да жарқырап, әр жүрекке нұр құя түсті. Бір кезде «айналасы жұп-жұмыр тегіс келген» әңгімелерден бастаған жазушы қазақ әдебиетіне көп томдық роман әкелген санаулы қаламгердің биігіне көтерілді. Қызметін баспаның редакторлығынан бастап, ұзақ жылдар республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басшысы, Парламент депутаты болып, қаламгерлік пен қайраткерлікті қатар алып жүрді.

Шерхан Мұртазадай қайраткерлік қызметін қалдырмай жүріп, том-том романдар жазған жазушылар тым сирек. Ол – халқының басындағы аласапыран, алапат кезеңнің жауапкершілігін жіті сезініп, зіл батпан жүгін қара нардай көтеріп қана қоймай, шымшытырық шатасқан өз заманының ой жібін шамасы жеткен жерге дейін таратып кетуге талпыныс жасады. Коммунист, редактор Шерхан партия шақыруына үн қосып жазды деген шығармаларының өзінде ой жібін шатаспаған, өткінші саясаттың жетегінде кетпеген. Тіпті заманының қаһарманын жасаймын деп жасандылыққа бармаған. Оның өндіріс және тың тақырыбына жазылған әңгіме-повестерінің бүгінге дейін көркемдік-идеялық құндылығын жоймауының басты себебі – кеңестік өмірді, оның қаһармандарын орынсыз идеализацияламауында. Әдебиет пен өнерде орын алған кеңестік кезеңді идеализациялау – ол кезде советтік өмір шындығын дәл көрсету, ал қолдан мінсіз еткен кейіпкерлер сол заманның қаһарманы деп бағаланды. Бірақ мұндай шығармалар жалпылдақ отынның жалыны құсап тезақ сөніп қалатын. Өйткені ондай туындылар кезекті партия съезінің шешімдерін ғана басты нысана етіп ұстайтын да, құбылып тұратын саясат толқыны тез-ақ көміп тастайтын. Мұны жақсы

түсінген жас жазушы өз уақытының тыңын жазса да, кенін жазса да, кейіпкерлері кезекті қаулыны емес, ата-баба рухын тірек етеді. Жалпы жас Шерханның да, тарлан Шерханның да көлемді, күрделі шығармаларында алтын арқау болып отыратын үш желі бар. Оның біріншісі – туған жер табиғаты, екіншісі – ата-баба рухы, үшіншісі – шығарманың негізгі сюжеті, яғни кейіпкерінің басынан өтіп жатқан оқиғалар тізбегі. Шерханның суреткерлік шеберлігінің ерекшелігі де осы үш желінің бір кейіпкердің бір сәтінде-ақ көрініс беруінде. Ол белгілі бір оқиғаны суреттегенде соның айналасындағы жаратылыс құбылыстарын қалт жібермей, табиғатын да, жануар-жәндігін де, сол адамның жай-күйін де қоса қабат қамтиды. Бір сөзбен айтқанда Шерхан баяндамайды, жазумен сурет салады. Көріністі көз алдына келтіреді. Оның шолақтау сөйлемдерінің құдіреті оған жетеді. Ал сол шымыр сөзді шолақтау сөйлемдерде ерекше бір қуат сезіліп тұрады. Негізгі оқиғаны, оның кейіпкерінің көңіл күйін табиғат көріністерімен астастырып беру көп жазушыларда кездеседі. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолында» Абай Тоғжанмен алғаш оңаша кездескенде ағаш жапырақтары арасынан ай сәулесі нұр боп құйылады. Жәнібек жайлауында пайда болған сол сәуле Абайдың алдынан кейін де үміт оты болып шығып отырады. Ол аспанды бұлт торлаған жаңбырлы іңірде Әйгерім ауылының, ал боранды түнде адасып, жаны азап шеккенде Абайға Тоғжан ауылының оты болып, өмір үмітін жағады. Бір қарағанда табиғаттың, ауылдың көріністері болғанымен, бұл кейіпкер махаббатының образды көрінісі. Ол негізгі оқиғамен қатар өрбіп, өзінше бір желі құрайды. Шерағаң шығармаларында да мұндай символика жеткілікті. Бірақ олар жұмыр жердегі пенденің жүрегінен тартылған бір нәзік жіп жаратылыспен жымдасып жатқанын білдіреді. Адам мен ғарыштың бірлігін еске түсіреді. Мұны түйсігімен таныған кейіпкердің де, оқырманның да рухы қанаттанып, үміті жалғанады. Оның «Табылған теңіздегі» Оралы да, «Белгісіз солдаттың баласындағы» Исатайы да, «Бұлтсыз найзағайындағы» Нариманы да тау мен даладағы ұлы еңбекті туған жердің ризығы, оны жайнату ата-баба арманы деп ұғынып, солардың аруағына әр істі бастар алдында сыйынып отырады. Нағыз шындық осы. Қаулы құдіретті емес, тәңірі құдіретті. Мыңдаған жылдық бай тарихы, тәрбиесі, ділі, діні бар елдің ұлы осылай болса керек. Коммунист жазушының коммунист, комсомол кейіпкерлерінің болмысын кезеңдік қаулы өзгерте алмаса керек. Жазушының көрегендігі, шындыққа адалдығы, ұлтжандылығы осында – жас кезінен-ақ құрыштай берік ұлттық дүниетанымында жатыр. Шерхан Мұртазаның «Мылтықсыз майдан» атты повесі бар. 1968 жылы жазылған. Сырт қарағанда Шыңғыс Айтматовтың «Жәмиласын» еске түсіреді. «Жәмиланы», әсіресе орыс тілді қауым, одан әрі Батыс қызыға қабылдап, қошеметті сөздерін көп айтты. «Жәмилаладағы» автор шешімі олардың жанына жақын еді. Өйткені батыс өркениетінде жеке адамның еркіндігі ерекше бағаланады. Өз махаббатын тапқан Жәмила соғыстағы күйеуін күтпестен кетіп қалады. Ол өз бақыты үшін отбасының дәстүрін бұзады. Шерханның Тотиясының перзенті бар, ол да соғыс жесірі. Бірақ оны соғыста өлген Орақ деген ұлының ошағын сөндірмес үшін, немересі бөтен

ауылға кетіп жат болмас үшін атасы Мамай әмеңгерлік жолымен шырылдатып тұрып кіші ұлы Нұрперзентке қосады. Автор да өз кейіпкерлерін жылап тұрып қосқан сияқты. Автор соғыста өлген Орақтың да, үйленгелі отырған Нұрперзенттің де анасы мешел Арайды да жылатады. Тотияны сүйетін соғыс мүгедегі Тұтанды бұл некеге қарсы қояды. Бірақ ене, келін, автор үшеуі қосыла жылағанымен, Тұтан қанша қарсыласқанымен соғыс кезіндегі қазақ ауылының қатал шындығы жеңеді. Ал ол шындықтың түп-төркіні аруақта жатқан сияқты. Өйткені автор бұл шығармасын былай аяқтайды: «Табалдырық түбіне осыдан ширек ғасыр бұрын Орақтың кіндігін Арай өзі көміп қойып еді..»

Арайдың ұзақ күндері, айлар, жылдар бойы босағадан көз алмай, қақшиып қалатын кездерін жақындары ауру адамның әдетіне жориды. Ал дәл сол кездерде босағаға қарамойнақ көгілдір шымшық келіп қонатынын Арайдан басқа ешкім көрмейді...». Демек, жас өмірді өксітіп, жылап тұрып қосқан автор үшін жеке адамның тағдырынан от басы – Отанның тағдыры биік. Автор үшін ең қасиетгісі – Отбасы Отанның босағасы, онда ер, азаматының кіндігі көмілген. Ал сол босағаға үнемі келіп қонып, от анасына ғана көрінетін қарамойнақ көгілдір шымшық кім? Оны оқырман майданда қаза болған Орақтың көгілдір шымшық кейпіне түсіп қайта оралуы деп түсіне ме, әлде отбасының киесі деп ұға ма? Қазақ аңыздарында адамның құс, аң кейпіне енуі жиі кездеседі. Бірақ олар тірі адамдар. Ал адам жаны өлмейді. Ол денесін тастап, көкке ұшып кетеді. Уақыты келгенде басқа адамның немесе аң-құстың кейпін жамылып, жер бетіне қайта оралады деген түсінік те бар. Бірақ бұл буддалық түсінік пе, жоқ ежелгі түркілердің танымында да кездесе ме? Жазушының қолданып отырғанына қарағанда қазақ арасында қазір де сақталып отырған наным. Бүгінгі қазақтың дүниетанымын қалыптастырған кездерді қарастырғанда бұл да арнайы зерттеуді қажет ететін тақырып. Сонымен бір тақырыптағы кейіпкерлері тағдырлас екі шығарма. Бірақ екі түрлі шешім. Айтматов жан бостандығын жырға қосса, Шерхан Мұртаза қазақ қоғамы құрылымының ең негізгі сатысы, бастапқы ұясы – отбасы беріктігін, ер-азамат рухының биік болуын жырлайды. Екеуі де шындық, бірақ бір күректің екі басы. Екі түрлі дүниетаным, бірақ ғасырлар бойы үйлесімін таппай келе жатқан бір бүтіннің екі жартысы. Кеңестік кезеңде Еуропа «Жәмиланы» аспанға көтеріп әкетті. Кейінірек қазақ тілінде жарық көрген «Мылтықсыз майданды» ол кезде аспандату мүмкін емес еді. Шығарманың көркемдік қуатының кемдігінен емес, қазақтың ескі ғұрпын кие еткендіктен де бұл шығарманы дәріптей қою қиын болатын. Ал негізінен әдебиеттің тарихына тереңдеп кеткен зерттеуші ғалымдар бүгінгі прозаға бет бұрар емес. Бәлкім зерттеушілер осыдан 34 жыл бұрын жазылған «Мылтықсыз майдандағы» өз отанының табалдырығына көмілген ер жігіттің кіндігіне енді назар аударар. Шерханның ерте жазылған шығармаларының өзінде үнемі ата-баба аруағының ілесіп жүретінінің себебін енді ашар. Оның шығармаларында символиканың көп болу сыры неде? Шерхан Бәйтеректі, Шынарды («Ноқтаға басы сыймаған» пьесасы)

неге кие етеді? Қазақ дүниетанымының бір қайнары – мифтердегі бәйтерек, шынар өмір өзегі болып саналуы мен ХХІ ғасыр жазушысының дүниетанымын не байланыстырып тұр? Ананың ғана көзіне көрінетін шымшық, баланы жол бастап алға жетелейтін теңбіл торғай мен Шолпан кебіс гүлі («Қызыл жебе») қазақ түсінігінде нені меңзейді? Мұның бәрі зерттеушіні қазақ дүниетанымы қалыптасуының тереңіндегі қатпар-қатпар, жықпыл-жықпыл қыртыстарға қарай жетелейді. Сол қыртыс жазушының Тұрар Рысқұлов туралы көптомдықтарында («Қызыл жебе»<sup>1,2</sup>, «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ») тіпті қалындай түседі. «Қызыл жебе» (айтуға жеңіл болуы үшін барлығын бір-ақ атаумен атайық – Е.Ә.) көлемі жағынан да, көтерген жүгі мен көркемдігі жағынан да Шерхан Мұртазаның бас кітабы. Көп оқылып, шын мәнінде, халық жазушысы еткен шығармасы. Қазақта мұндай мол ауқымды, кең тынысты романдар циклын берген санаулы жазушылардың қатарына қосқан еңбегі. «Қызыл жебе» жарыққа шыққан уақытта қазақ әдебиеті тарихи романдарға аса кедей емес еді. Оның көш басында М.Әуезовтің «Абай жолы» тұрды. Сталиндік тоталитарлық режим тұсында жазылса да, «Абай жолы» – тарихи романдар көшінің басы ғана емес, биігі де. Сондықтан да кейінгі романдардың көркемдік деңгейін «Абай жолының» деңгейімен белгілейміз. Бірақ әрбір жазушының қазақ дүниетанымын кеңейтуге қосқан өз үлесі бар. М.Әуезов қазақ жазушылары үшін көптомды еңбектің үлгісін жасады. Өзгелер сол үлгіні ұстанды, дегенмен олардың әрқайсысы өзінше бір тыңды игерді. Жиырмасыншы ғасырға дейін өткен тарихының жазба әдебиетте көркем бейнесі мен шежіресін жасамаған халықтың қаламгерлері бұл іске ғасырдың екінші жартысында Сталин өмірден өткен соң ғана мықтап кірісті. Шерхан Мұртаза сол бір қиын міндетті қазақ қаламгерлерінің ішінде алғашқы болып қолға алды. 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде Байжарасов деген кісінің Тұрар Рысқұлов туралы мақаласын оқығанын, мақала қатты әсер еткені сонша, сол кезге дейін есімін атауға тыйым салынған осынау ұлы тұлға туралы көркем шығарма жазуға бекінгенін, ал редакция ретушер-суретшісінен сұрап алған Тұрар Рысқұловтың суреті жинаған материалдарының басы болғанын есіне алады кейіннен жазушы. Бірақ бұл мақала Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында қаралып, оны жариялаған газет редакторы Қасым Шәріпов орнынан алынады. Тұрар Рысқұлов қылмыскер ретінде ақталса да, саяси қайраткер ретінде ақталмапты. Қаулы Тұрар Рысқұловты бастан-аяқ қаралап шығады. Тіпті ол туралы қайтып жазуға саңлау қалдырмай қаралайды. Сол кездегі партия басшылығының қаулысының мәтінін оқығанда жас журналистің мұндай қайсар шешіміне қайран қалмасқа лажың жоқ.

Оның үстіне кешегі «халық жауы» туралы кең тынысты роман кеңес әдебиетінде әлі дүниеге келген жоқ болатын. Оған үлгі боларлық М.Шолоховтың «Тынық доны» да, А.Толстойдың «Азапты сапары» да, Б.Пастернактың тыйым салынған «Доктор Живагосы» да кең тынысты полотнар болғанымен, олардың кейіпкерлері өмірде болған ірі мемлекет

қайраткері емес. Әдебиетте ерекше орны бар бұл романдардың бас қаһармандары – халықтың қалың ортасының өкілдері. Ал қазақ жазушысының бас кейіпкері – өз халқының озып туған ұлы, бүкіл Түркістанның, кейіннен РСФСРдың басшыларының бірі, Коминтерн белсендісі. Мұндай тұлғаның әдебиеттегі бейнесін жасау үшін жазушы да сол биікке көтерілуі тиіс. Тіпті интеллект жағынан өз қаһарманынан асып тұруға міндетті. Өйтпеген күнде образ ашылмайды. Сонымен Шерхан Мұртаза – Кремльде отырып «халық жауы» болып атылып кеткен қайраткерлер туралы күллі кеңес әдебиетінде алғашқылардың бірі болып роман жазған жазушы. Бұл шығарманы шығарудың қиындығы да осында болатын. Өйткені оның заманы да, сол заман тудырған айрықша тұлға Тұрар Рысқұловтың өмірі де аса күрделі еді. Шерхан Мұртаза талай қайраткерді де, қаламгерді де орта жолда мерт еткен осы бір «тар жол, тайғақ кешумен» кейіпкерімен бірге өзі де жүріп, Тұрар Рысқұлов сүрінбеген қиялардан оның қаламы да мүдірмей өтуге тиіс еді. Бұл міндетті абыроймен атқаруға жазушының шеберлігі де, интеллекті де жетті. Ең бастысы, оның бойынан кейіпкерінің рухындай өршіл асқақ рух табылды. Сол рух оны Тұрар Рысқұловтың қайраткерлік жолындағы небір қиын-қыстау тұстардан қылшық жуытпай алып шықты. Оның бәрін санап беруге бұл мақаланың көлемі көтермейді. Бастыларын айтар болсақ, Түркістан Совнаркомы бастығының бүгінде шаруалар деп бағаланған басмашыларға көзқарасы, керек болса олардың көтерілісін басудағы әрекеті, Түркістан тәуелсіздігін қорғап Лениннің алдында болуы, аштықтан қырылып жатқан Қазақстанға көмек сұрап Сталинге кіруі, коммунист Тұрардың алашордашылармен ара қатынасы, тағысын тағылар. Сөйтіп Шерхан Мұртаза Кремльдегі өмірді жазған тұңғыш қазақ жазушысы болды. Ол аз десеңіз, талай жазықсыз қайраткерлер азап шегіп, атылған әйгілі Бутырканың ішіне де қазақ оқырмандары Шерхан шығармалары арқылы енді. Романда ХХ ғасырдың басынан 1937 жылға дейінгі ең аласапыран, бүкіл әлемді дүр сілкінткен дәуірдің барлық қатпарлары қамтылғанын қысқаша былай көрсетуге болады: Тұрардың өз отбасы, әулеті – бірінші қатпар. Талғар мен Түлкібастағы, Меркі өңіріндегі қазақ ауылдары мен орыс селендері, Ферғанадағы басмашылар. Бұлар сол кездегі қоғамның ең негізгі қыртысы, қалың бұқара – екінші қатпар. Меркі сияқты поштасы, саудасы, мектебі бар әкімшілік орталығындағы өмір – үшінші қатпар. Әулиеата, Шымкент – уезд орталықтары – төртінші қатпар. Верный – губернаторы басқарған облыс орталығы – бесінші қатпар. Ташкент, Орынбор – алғашқысы Орта Азия халықтарының бәрі кіретін Түркістанның, кейінгісі Қазақ автономиялық республикасының орталықтары – алтыншы қатпар. Мәскеу, Кремль – РСФСР, КСРО астанасы – жетінші қатпар. Баку, Ұлан-Батор, Коминтерндегі қызмет – сегізінші қатпар. Бутырка түрмесі, Мурманскідегі, Ақмола концлагерлеріндегі адам басына бермес азапты өмір – тоғызыншы қатпар. Романда осының бәрі қамтылған. Мұндай мол ауқымды шығарма қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болған жоқ. Рас, Сәкен Сейфуллин азап вагонын суреттеді. Бірақ ол әлі Ежов, Берия, Вышинскийлердің уақыты емес.

Петербургтегі, Мәскеудегі патшаны, оның шенеуніктерін бейнелеген шығармалар (С.Мұқанов, Ә.Кекілбай, М.Мағауин т.б.) болды. Бірақ олар Ленин мен Сталиннің дәуірінен бұрынғы өмір. Бір сөзбен айтқанда Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» арқылы қазақ оқырманына бүтін бір дәуірді ашып берді. Әдебиет теориясына жетік сыншы Сайлаубек Жұмабековтің бұл романдар цикліне – эпопея деп айдар тағуының себебі де осыдан болу керек. Әр дәуірдің осындай бүтін бейнесін жасап берген жазушы бұрынғы-соңғы тарихта аз емес. Бірақ қазақ жазушысы Шерхан Мұртазаны олардан ерекшелетін бір қасиеті бар. Ол – осынау бес кітаптан тұратын ұзақ шығарманың өн бойында қалмай өзінше бір желі болып ілесіп отыратын аруақтар рухы. Аруақтарды бас кейіпкермен тең дәрежеде осылай ілестіріп отыру, оны шығарманың басты өзегі ету – Шерхан шығармаларында ғана кездеседі. Коммунист қайраткер туралы коммунист жазушы коммунистік қоғамда тұрып жазған бұл романның басты өзегі – ұлт рухы. Сол ұлт рухы үнемі алдыңнан шығып отыратын ата-бабаның аруақтары арқылы көрініс береді. Ол – кешегі Қоқан үстемдігіне қарсы азаттық күресінің қаһарманы, Рысқұлдың бабасы Әлімбек батырдың аруағы. Романның бірінші кітабынан кейін айдауға кеткен Рысқұлмен Тұрар тек ой-қиялмен сөйлеседі. Кейіннен Кремльге, Бутырка түрмесіне әруақ болып келеді. Рысқұл елесі үнемі Тұрардың қиналған шағында дем беріп, рухтандырады. Сөйтіп негізінен сол ой-қиялмен тілдесу, хат жазысу, аруақ болып елес беру арқылы Рысқұл өмірі де қамтылып шығады. Жалпы Рысқұл – тарихшылар жеткілікті назар аудармай жүрген тұлға. Оның әрекеттері, патшаның ресми өкілі – болысты атып өлтіруі Ресейдегі, басқа да мемлекеттердегі бар әділетсіздікті жеке билеушілерден көріп, террорлық әрекеттерге барған түрлі қозғалыс өкілдерін еске түсіреді. Оның үстіне бұл 1905 жылы болған оқиға. Орыстың бірінші төңкерісі өтіп жатқан кезең. Рысқұлдың осындай оқыс шешіміне Ресейде болып жатқан дүмпудің әсері қаншалықты? Ал қазақ даласында 1905-07 жылдары болысқа, әлде шенеунікке оқ атқан Рысқұлдан басқа адам болды ма екен? Міне, бұл сұрақтарға жауап Рысқұлдың тарихи орнын айқындай түседі. Қалай болғанда да ұлы Мұхтар Әуезовтің өзіне қалам тарттырған Рысқұлдың бұл әрекеті – сол кездегі қазақ даласында сирек кездесетін құбылыс, бәлкім біреу болуы да. Осылар тарихи негізделсе, Рысқұл Жылқыайдарұлы жай ғана ауыл арасының барымташысы емес, 1905-07 жылдардағы патшалық отаршылдыққа қарсы қозғалыстың қаһарманы болып шығады. Романның Рысқұлға арналған беттерінде мұның бәрі тұр. Отаршылдыққа деген Рысқұл аузымен айтылып, Тұрардың құлағына құйылған ыза асып-төгіліп жатыр. Рысқұлдың патша өкіліне қарсы 1905 жылы атқан оғы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне ұласты. Рысқұлдың баласына түрмеде айтқан өсиеті Рысқұлұлы Тұрарды сол көтерілістің саяси жетекшісі дәрежесіне көтерді. Рысқұлдың арманы – Қызыл жебе атты тұлпарға бабасы Әлімбектің күміс ерін ерттеп міну. Қызыл жебе – символ. Оны сол қазақ деген елдің қызыл тілді жыраулары сан ғасыр жырлаған. Бұл исі қазақ армандаған сәйгүлік – өмір символы. Бірақ мынау опасыз жалғанда мұндай арманның жүзеге асуы мүмкін емес. Тұрар танымында аруаққа айналған Рысқұл енді бәрінен

биіктеп, Алатаудың айкүш-ұйқыш шыңдарынан орғытып өтіп, бұлтпен араласып кетіп бара жатады. Сол биікке баласын да шақырғандай болады. Өйткені қазақ Құдайға құлшылық жасау арқылы барлық нәубетке көніп, шүкіршілік етумен бірге, әруақты айтқан кезде арқасы қозып шыға келеді. Сондықтан да құдайы тәубешілікке келтіріп, әруағы ат ойнаттыратын қазақтың рухын түсіру мүмкін емес. Мұны отаршылдар баяғыда-ақ зерттеп білген. Сөйтіп қазақты отарлау тәсілін басқа елдерден өзгеше құрған. Рысқұлдың трагедиясы – Қызыл жебені өз қолымен ұрлап әкеліп, Саймасайға тапсыруында. Тұрардың трагедиясы – өзі орнатысқан өкіметтің өзі қамын жеген «халықтың жауы» етіп, азапқа салып, атып тастауында. Рысқұл Қызыл жебенің бағын ашамын деп ойлады, нәтижесінде Саймасайдың қолымен сәйгүліктің қаны шашылды. Тұрар халқын ұшпаққа шығарамын деп ойлады. Нәтижесінде оның аштан қырылғанын көрді. Рысқұлдың да, Тұрардың да трагедиясы – адамзат трагедиясы. Адамзат өмірі осындай трагедиялардан тұрады. Рысқұл трагедиясының басы – қазақы ырым, ауырып қалған жалғыз ұлын қара қойдың етімен қалжалау әрекеті. Ол қой Рысқұлда жоқ. Бірақ жалғыз ұлы – ұрпағы үшін бәріне барды. Ақыры Қызыл жебені де ұрлады. Тұрардың трагедиясының басы – ұлтжандылығы. Ол сол ұлты үшін Сталиннің, әлде Голощекиннің қолтығының астында күн көріп отыра бермей, басын бәйгеге тікті. Рысқұлдың жалғыз ұлы Тұрар аурудан, Саймасайдың жазалауынан аман қалып, ер жетті. Үлкен азамат, қайраткер болды. Қазақ елі де тәуелсіздікке қол жеткізді. Рысқұлдың да, Тұрардың да арманы өздері өмірден өткен соң орындалды. Олар сол армандарының құрбандығы болды. Бірақ өлгеннен кейін із-түзсіз кетпеді. Сол армандарының жүзеге асуына аруақ болып көмектесті. Өзінен кейінгілерге рух берді. Тұрардың ұлы Ескендір концлагерьде өлді. Сталин мұндай рухы күшті адамнан еркек кіндік қалдырғысы келмеді. Бірақ ол қателесті. Өйткені қазақтарды білмейтін еді. Тұрардың, қазақ халқының тағдыры туралы онымен бірігіп Ленинге хат жазған Ахмет Байтұрсыновтың, Алашорда партиясында болғандығы үшін үйінде жұмыссыз отырғанымен, ауру Тұрарды ұзақ уақыт бағып-қаққан Жанша Досмағамбетовтің, тағы басқа арыстардың рухы бүкіл қазаққа берілді. Қазақ аруақты осылай бағалайды, сондықтан да рухы осылай көтеріледі. Шерхан Мұртаза шығармаларын оқығанда осындай қорытындыға келесің. Қазақ болғаның үшін мақтаныш сезімің бойыңды кернеп, өзің де ұлтың үшін бірдеңе істегің келіп кетеді. Оның «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Ноқтаға басы сыймаған» («Бауыржан батыр»), «Домалақ ана» пьесаларында да қазақ рухы осылай асқақтатылады. Айтпақшы, Шерхан Мұртаза да Тұрар Рысқұловты көрдім, ол «Қызыл жебені» жазып отырғанымда тереземнен көрінді, дейді.

**Елен ӘЛІМЖАН**